

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ
Ғылыми кеңес
ШЕШІМДЕРІ

Шымкент қаласы
Сағат: 15:00

29 сәуір, 2026 жыл

№14 Ғылыми кеңес мәжілісінің

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2024-2025 оқу жылындағы «Дене шынықтыру және спорт» факультеті жұмысының қорытындысы бойынша кешенді тексеру және 2025-2026 оқу жылындағы даму перспективалары

ШЕШІМ:

1..Оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру бөлімінің басшысы Ж.А.Нурмаганбетованың «Дене шынықтыру және спорт» факультетін кешенді тексеру бойынша баяндамасы назарға алынсын.

2.Факультетте «Дене шынықтыру» кафедрасының профессор-оқытушылар құрамының ғылыми әлеуетін жоғарылату бойынша және профессор-оқытушылардың ғылыми-академиялық құрамын жұмысқа қабылдау бойынша жұмыстар жүргізілсін.

Жауаптылар: факультет деканы Мырзабек Л.Ә., кафедра меңгерушісі Ерепбаев Н.Қ. **Орындалу мерзімі:** 2026 жылдың 1 тамызына дейін

3.Факультетте 2026–2028 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға өтінім беру жұмыстары ұйымдастырылсын.

Жауаптылар: факультет деканы Мырзабек Л.Ә., кафедра меңгерушілері Турысбеков Ө.Ж., Ерепбаев Н.Қ. **Орындалу мерзімі:** 2026 жылдың 1 қазанына дейін.

4.Web of Science бойынша Social Science Citation Index, Science Citation Index Expanded, Arts and Humanities Citation Index базаларында индекстелетін және (немесе) Scopus базасында Citescore бойынша 30-дан (отыз) кем емес процентілі бар рецензияланатын ғылыми басылымда мақала немесе шолу мақалаларын жариялау жұмыстары жандандырылсын.

Жауаптылар: факультет деканы Мырзабек Л.Ә., кафедра меңгерушілері Турысбеков Ө.Ж., Ерепбаев Н.Қ. **Орындалу мерзімі:** 2026 жылдың 1 қыркүйегіне дейін.

5.7M01403 – Дене шынықтыру және спортты басқару педагогтарын даярлау БББ-сын реестрге енгізу және лицензия алу жұмыстары орындалсын.

Жауаптылар: факультет деканы Мырзабек Л.Ә., кафедра меңгерушісі Турысбеков Ө.Ж. **Орындалу мерзімі:** 2026 жылдың 15 маусымына дейін.

6.Қолданыстағы білім беру бағдарламаларының жалпы білім беру пәндері бойынша видеодәрістерді, электрондық интерактивті-мультимедиялық оқу материалдарын жаңарту, мемлекеттік және орыс тілдерінде жаңа оқу-әдістемелік құралдар мен ЖАОК авторлық курстарды әзірлеу жұмыстары жүргізілсін.

Жауаптылар: факультет деканы және кафедра меңгерушілері. **Орындалу мерзімі:** 2026 жылдың 1 желтоқсанына дейін

7.Шетелдік әріптес және республикалық жоғары оқу орындарында ОПК біліктілігін арттыру жұмыстары жүргізілсін.

Жауаптылар: факультет деканы және кафедра меңгерушілері.

Орындалу мерзімі: жыл бойы

8.Факультетте 6B01401 - Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау, 6B01409 Дене шынықтыру және спорт (IP) білім беру бағдарламалары бойынша ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлықтан өту жұмыстары және студенттердің академиялық ұтқырлыққа қатысуын арттыру үшін серіктес жоғары оқу орындарының санын көбейту жұмыстары жандандырылсын

Жауаптылар: факультет деканы және кафедра меңгерушілері. **Орындалу мерзімі:** 2026 жылдың 1 қазанына дейін.

9.Кафедрада ағымдағы және болашақ еңбек нарығының қажеттіліктерін айқындап, заманауи талаптарға сәйкес жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану негізінде жаңа инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша ұсыныстар берілсін.

Жауаптылар: факультет деканы Мырзабек Л.Ә., кафедра меңгерушілері Турысбеков Ө.Ж., Ерепбаев Н.Қ.

Орындалу мерзімі: 2026 жылдың 1 қазанына дейін.

10.Студентке бағдарланған оқыту аясында білім алушылардың кәсіби құзыреттерін күшейту мақсатында дуальды оқыту жүйесін енгізу және практика базаларын кеңейту негізінде осы бағыттағы әріптестікті нығайту жұмыстары жандандырылсын.

Жауаптылар: факультет деканы және кафедра меңгерушілері

Орындалу мерзімі: жыл бойы

11,Студентке бағдарланған жұмыстарды күшейту мақсатында білім алушылардың азаматтық белсенділігін, бастамашылық және көшбасшылық қасиеттерін дамытуға ықпал ететін студенттік үйірме жұмыстары мен студенттердің белсенділіктерін арттыру үшін оқытушылармен бірге тәлімгерлік жұмыстары күшейтілсін.

Жауаптылар: факультет деканы және кафедра меңгерушілері, тәлімгерлер.

Орындалу мерзімі: жыл бойы

12. «Атамекен» рейтингінде 6B01401 - Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау, 6B01409 Дене шынықтыру және спорт (IP) білім беру бағдарламаларының позициясын жақсарту және түлектердің жұмысқа орналасу пайызын арттыру жұмыстары жандандырылсын.

Жауаптылар: факультет деканы және кафедра меңгерушілері, тәлімгерлер.
Орындалу мерзімі: жыл бойы

13.«Дене шынықтыру және спорт» факультетінің жұмысын кешенді тексеру және тиімділігін арттыру жолдары» комиссия төрағасы Ж.А.Нурмаганбетованың анықтамасында көрсетілген ескертулер мен кемшіліктерді жою бойынша факультет деканы жол картасын әзірлесін және Кемшіліктерді жою бойынша іс-шаралардың орындалу барысы туралы факультет деканының есебі мамыр айының Ғылыми Кеңесінде қарастырылсын.

Жауапты: факультет деканы. **Орындалуы:** 2026 жыл, мамыр айы
 14.Осы шешімнің орындалуын бақылау Академиялық мәселелер жөніндегі проректоры Байнеева Парида Тургунбаевнаға жүктелсін.

2.Практика нәтижелерінің түлектерді жұмыспен қамтуға ықпалы және жұмыс берушілермен кері байланысты күшейту жолдары **ШЕШІМ:**

1.Практика нәтижелерінің түлектерді жұмыспен қамтуға ықпалы және жұмыс берушілермен кері байланысты күшейту жолдары атты С.Р. Ермековтың баяндамасы назарға алынсын.

2.Практика бағдарламаларының мазмұны еңбек нарығы сұранысына бейімделсін, жұмыс берушілермен кері байланыс күшейтіліп, оның нәтижелерін білім беру бағдарламаларын жаңартуда пайдаланылсын.

Жауаптылар: Факультет декандары мен кафедра меңгерушілері. Орындалу мерзімі: 30.08.2026ж.

3.Практика базаларының сапасы жыл сайын талданып, тиімсіз базалар ауыстырылсын және білім беру бағдарламаларының бейініне сәйкес келетін жаңа практика базаларымен келісімшарттар мен меморандумдар жасалсын.

Жауаптылар: Факультет декандары мен кафедра меңгерушілері. Орындалу мерзімі: 30.08.2026ж.

4.Барлық білім беру бағдарламаларына дуальды оқыту жүйесін енгізу жұмыстары жандандырылсын.

Жауаптылар: Факультет декандары мен кафедра меңгерушілері. Орындалу мерзімі: 30.08.2026ж.

5.Студенттердің практикадан толық әрі сапалы өтуі тұрақты бақылауға алынып, орындалу барысы жүйелі түрде мониторингтен өткізілсін.

Жауапты: Факультет декандары мен кафедра меңгерушілері. Орындалу мерзімі: 30.08.2026ж.

3.Университеттің 2025 жылғы қаржылық қызметінің қорытындылары және 2026 жылға арналған міндеттері туралы

ШЕШІМ:

1. -Қаржы департаменті директоры Турбекова Улбала Уйсбекқызының есебі және 2025 жылғы қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері назарға алынсын.
 2. Университеттің 2025 жылғы қаржы-шаруашылық қызметінің есебі қанағаттанарлық деп танылсын.
 3. Университеттің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында: студенттердің оқу ақысы бойынша дебиторлық берешегін азайту; төлем тәртібін күшейту; оқу ақысының уақытылы төленуін бақылауды жетілдіру бойынша нақты шаралар қабылдансын.
 4. Қаржы бөліміне: шығындарды оңтайландыру; бюджет қаражатының тиімді игерілуін қамтамасыз ету; кіріс көздерін әртараптандыру бағытында жұмыстарды жалғастыру тапсырылсын.
 5. Университеттің материалдық-техникалық базасын жаңғырту және жаңа оқу корпустарын жабдықтау жұмыстары кезең-кезеңімен жалғастырылсын.
 6. Ғылыми-зерттеу жұмыстары арқылы түсетін қаржы көлемін арттыру мақсатында ғылыми жобалар мен гранттық қаржыландыруға қатысу белсенділігі күшейтілсін.
 7. «ТӘШЕНЕВ ТАРТУЫ» гранты аясында әлеуметтік қолдау шараларын жалғастыру және дарынды студенттерді ынталандыру жұмыстары тұрақты жүргізілсін.
- 4.2026–2027 оқу жылына қабылданатын білім алушылар үшін білім беру бағдарламаларын бекіту туралы**

ШЕШІМ:

1. Оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру бөлімінің басшысы Ж.А. Нұрмағанбетованың «2026–2027 оқу жылында қабылданатын білім алушылар үшін білім беру бағдарламаларын бекіту туралы» баяндамасы назарға алынсын.

2. Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университетіне 2026–2027 оқу жылында қабылданатын білім алушылар үшін бакалавриаттың – 45 және магистратураның – 9 білім беру бағдарламасы бекітілсін.

Жауаптылар: кафедра меңгерушілері. Орындалу мерзімі: мамыр, 2026 жыл.

3. Магистратура (7M01507 – Химия педагогтарын даярлау) және PhD докторантура (8D01301 – Педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі) бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеу жұмыстары жандандырылсын.

Жауаптылар: Декан және кафедра меңгерушілері. Орындалу мерзімі: мамыр, 2026 жыл.

4. Студенттер мен еңбек нарығының сұраныстарын, сондай-ақ аймақтағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін ескере отырып, бакалавриат пен магистратура бойынша жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу бағытындағы Академиялық комитеттердің жұмыстары күшейтілсін:

- 6B04108 – Қалалар экономикасы және урбанистика;
- 6B04109 – Креативті салалардағы экономика және индустрияны басқару;
- 6B04110 – Мемлекеттік сектордағы жобаларды басқару;
- 6B06104 – Жасанды интеллект және деректер ғылымы;
- 6B06105 – Бағдарламалық қамтамасыз ету инженериясы;
- 6B06106 – Компьютерлік ғылымдар;
- 6B06107 – Киберқауіпсіздік және ақпараттық технологиялар;
- 7M06107 – Киберқауіпсіздік және ақпараттық технологиялар;
- 6B03202 – Data журналистика және медиакоммуникация;
- 7M01403 – Дене шынықтыру және спорт педагогтарын даярлау;
- 6B04204 – Комплаенс және цифрлық құқық;
- 7M04204 – Комплаенс және цифрлық құқық;
- 6B04205 – Құқық қорғау қызметі және киберқауіпсіздік;
- 6B04102 – Қаржы және деректерді талдау;
- 7M04102 – Қаржы және деректерді талдау;
- 6B04101 – Сандық есеп және деректер аудиті.

Жауаптылар: Декан және кафедра меңгерушілері. Орындалу мерзімі: мамыр, 2026 жыл.

5. Отандық және шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлескен және қосдипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша жұмыстар жандандырылсын.

Жауаптылар: кафедра меңгерушілері. Орындалу мерзімі: 2026–2027 оқу жылы.

5. Әртүрлі мәселелер.

5.1. №13 Ғылыми кеңес мәжілісінің шешімдеріне орай «ІТ және жаратылыстану» факультетінің деканы Д. Ш. Душабаевтың Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуы жөнінде есебі;

ШЕШІМ:

«ІТ және жаратылыстану» факультетінің деканы Д.Ш. Душабаевтың Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуы жөніндегі есебі назарға алынсын және факультет бойынша Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалу деңгейі жақсы деп танылсын.

5.2. Монография, оқу-әдістемелік құралдарды баспаға ұсыну туралы

1.«Педагогика және психология» кафедрасының PhD докторы Ж.Д. Абдуллаева Жоғары білім беру жүйесіндегі студенттердің академиялық ұтқырлығы: үрдістер, мүмкіндіктер, озық тәжірибелер» атты монографиясын баспаға жіберілсін.

2. «Гуманитарлық ғылымдар» кафедрасының PhD докторы Кашкинбаева А.Т. Қазақстан Республикасындағы этносаралық қатынастардың даму динамикасына әсер ететін интеграциялау тетіктері» тақырыбындағы монографиясы баспаға жіберілсін

3. «Әлем тілдері» кафедрасының магистр, оқытушылары Арыстан Г.А. Мелдеш Н.Н. «Педагогикалық зерттеулердің теориясы мен әдістемесі» тақырыбындағы оқу құралын баспаға жіберілсін.

4. «Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасының профессоры Р.И. Кенжебекова, кафедра оқытушылары Г.Б. Жораева А.Т. Мирзакулованың «Қызықты математика» атты оқу құралы баспаға жіберілсін

5.«Құқық» кафедрасының з.ғ.к. Н.Р.Бижан, кафедра оқытушылары Б.Р. Бижанов, Н.Н. Рахынбаев «Сандық қылмыстық құқық бұзушылықтар» оқу құралы баспаға жіберілсін

6. Құқық» кафедрасының з.ғ.к, аға оқытушылары З.Ч. Тултабаев, Н.Р.Бижан, В.А. Цойдың «Криминалистика» оқу құралы баспаға жіберілісін

5.3. Ғылыми атаққа ұсыну туралы :

П.ғ.к, доцент Умиралы Жусупович Турыскуловтың 50300 – «Білім» ғылыми бағыты бойынша профессор ғылыми атағына ұсыну

«Дене шынықтыруды оқытудың теориясы мен әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі , педагогика ғылымдарының кандидаты профессор міндетін атқарушы Умиралы Жусупович Турыскуловтың 50300 – «Білім» ғылыми бағыты бойынша профессор ғылыми атағын алу үшін дайындалған аттестаттау ісі құжаттарын Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары

білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің қарауына ұсыну туралы.

ШЕШІМ:

«Дене шынықтыруды оқытудың теориясы мен әдістемесі» кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты Умиралы Жусипович Турыскуловтың 50300 – «Білім» ғылыми бағыты бойынша профессор ғылыми атағын алу үшін дайындалған аттестаттау ісі құжаттары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің қарауына ұсынылсын.

Ғалым хатшы



З. Жантасова